

САРАПТАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының Қарабалық ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы нәтижелері бойынша

Қарабалық кенті

2025 жылғы «09» маусым

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына, сондай-ақ ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы) сәйкес, Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының Қарабалық ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауының (бұдан әрі – Талдау) нысаны – Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының Қарабалық ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ қызметі.

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының Қарабалық ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу мақсатында 2025 жылғы 9 сәуірде мекеме басшысының № 40 бұйрығы шығарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Ішкі талдау 2024 жылдың екінші жартыжылдығының басынан бастап 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейінгі кезеңді қамтиды.

1. Талдау жүргізудің мақсаты мен міндеттері

Талдаудың мақсаты – Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының Қарабалық ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-де сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жою.

Талдаудың міндеті – Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының Қарабалық ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және олардың салдарын жою.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қағидаларының 15-тармағына сәйкес, ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау үшін ақпарат көздері болып табылады:

1. Талдау нысанының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
2. Талдау нысанының қызметі туралы статистикалық есептілік;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелеріндегі талдау нысанының қызметі туралы деректер;
4. Талдау нысанына қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
5. Ішкі бақылау қызметтері жүргізген бақылау іс-шараларының нәтижелері;
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
7. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
8. Жеке және заңды тұлғалардың талдау нысанына қатысты өтініштері;
9. Талдау нысанының лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылғаны туралы мәліметтер, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықты және басқа да заң бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою туралы ұсынулар;
10. Талдау нысаны қызметкерлерінің әрекеттеріне қатысты сот органдарының шешімдері, қылмыстық істердің фабулалары;
11. Бұрын жүргізілген сыртқы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері;
12. Бұрын жүргізілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері;
13. Талдау нысанының қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері;
14. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында келесі нормативтік құқықтық актілер зерделенді:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 6-қосымша — «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарының тиісті түрлері мен үлгілерінің қызметін жүзеге асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтағы 4-бөлім – «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің қызмет тәртібі».
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру мен арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазым атқаратын педагогтер мен өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы».

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына 2-қосымша – «Жергілікті атқарушы органдар тарапынан көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы».
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы – «Мектепке дейінгі, орта, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы».
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы – «Білім беру мемлекеттік ұйымдарының бірінші басшыларын және педагог қызметкерлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы».
6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы – «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы».
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы – «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», бұйрық – «Білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік қағидаларды бекіту туралы».

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

ППТК Жарғысы Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 4 қаулысымен бекітілген. Алайда мекеменің қызметін реттейтін барлық нормативтік құқықтық актілер (НҚА) едәуір кейінірек – 2020 жылдан бастап қабылданған. Жарғы мен қолданыстағы НҚА арасындағы сәйкессіздік пен қайшылықтардың болуы құқықтық анық еместікке әкеліп соғады, бұл түзету кабинетінің тиімді қызметіне әсер етуі мүмкін және ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекеліне айналуы ықтимал.

Тәуекелді жою бойынша ұсыныстар:

1. ППТК Жарғысының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес еместігі және анықталған құқықтық қайшылықтардың бар екендігіне байланысты оны өзгерту және толықтыру мәселесін қарастыруды сұрап, Қостанай облысы Білім басқармасына ресми хат дайындап, жолдау.
2. Мекеменің қызметінде құқықтық айқындылықты арттыру және сыбайлас жемқорлық факторларына жол бермеу мақсатында қолданыстағы заңнама талаптарын ескере отырып, Жарғыны өзектендіруді қамтамасыз ету.

Ішкі құжаттардағы (бұдан әрі – ІҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

ППТК-ның ішкі құжаттарын, атап айтқанда: Ұжымдық шарт, ішкі еңбек тәртіп ережелері, негізгі қызмет бойынша бұйрықтар, жеке құрам бойынша бұйрықтар, лауазымдық нұсқаулықтар талданды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін дискрециялық

өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ.
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Мемлекеттік қызметтерді көрсету

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес ППТК екі мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. «Дамуда проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу»;
2. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау».

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

2024 жылдың екінші жартыжылдығында Қостанай облысы білім басқармасының Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде «Дамуда проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» бағыты бойынша 33 мемлекеттік қызмет көрсетілді, ал 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында осы бағыт бойынша 37 қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызмет «Малахит» электрондық платформасы арқылы ұсынылады. Қызмет көрсету мерзімдерін бұзу немесе құжаттар топтамасының сәйкес болмауы жағдайлары тіркелген жоқ. Қызмет алған барлық балаларда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес ПМПК қорытындысы бар. Балалар ұйымға ата-аналардың өтініші бойынша қабылданады. Бұл мемлекеттік қызметтен бас тарту фактілері болған жоқ.

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау»
(2025 жылғы 1 қаңтар мен 10 маусым аралығында)

Көрсетілген есепті кезеңде «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі заңнама талаптарына сәйкес көрсетілді. Бір педагог «педагог-сарапшы» біліктілік санатын алу мақсатында құжат тапсырды.

Құжаттарды қабылдау рәсімі барлық қажетті мерзімдер мен талаптарды сақтай отырып, белгіленген тәртіппен жүзеге асырылды.

ППТК-де мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына жүйелі түрде мониторинг жүргізіледі, білім басқармасына ай сайын есеп беріледі. Қызмет көрсету мерзімдерін бұзу, стандарттарда көзделмеген құжаттарды талап ету фактілері анықталған жоқ. ППТК-де өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді, онда мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары мен стандарттары ілінген. Қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшада жарияланады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, қызмет көрсетушілер мүмкіндігі шектеулі адамдарға мемлекеттік қызметтерді алу кезінде қажетті жағдайларды жасауға міндетті.

ППТК Қарабалық ауылы әкімінің аппаратына тиесілі, жалға алынған (152 ш.м.) ғимараттың бірінші қабатында орналасқан. Жеке кіру есігі, пандус және шақыру түймесі бар. ППТК-де тактильді бағыттаушы жолақтар, Брайль қарпімен жазылған тактильді белгілер орнатылған, санитарлық тораптар арнайы тұтқалармен жабдықталған.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты маман – әдіскер Каримова Г.Х., 2023 жылғы шілде айында «Адам бәрінен маңызды» тақырыбында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша практикалық құралдар» атты біліктілікті арттыру курсынан өтті.

2.2. Кадр саясаты

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Жүргізілген талдау көрсеткендей, ППТК-де персоналды басқару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады: ҚР Еңбек кодексі, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдары, ППТК ұжымдық шарты, сондай-ақ басқа да заңдар мен нормативтік құқықтық актілер.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің жалпы штат саны — 13,5 бірлік. Барлық қызметкерлер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес лауазымдық біліктілік талаптарына сай келеді. Сонымен қатар, барлық қызметкерлерде соттылығының болмауы туралы анықтамалары бар, психиатр мен наркологтың есебінде тұрмайды.

Барлық қызметкерлермен еңбек шарттары жасалған және жарамды, жеке құрам бойынша бұйрықтар бар, қызметкерлер олармен танысқан. Ұйымда қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары әзірленіп, бекітілген және қызметкерлер таныстырылған. Ұйымда ішкі еңбек тәртіп ережелері бекітілген, педагогтердің жұмыс кестелері сабақ кестесі мен жүктемесіне сәйкес құрылған (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығымен бекітілген арнайы білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес).

2025 жылғы 1 қаңтар мен 10 маусым аралығында «шаруашылық меңгерушісі» лауазымы бойынша қосымша 0,5 штат бірлігі енгізілді.

Тәртіптік практика

2024 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы аралығында қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылған жоқ.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Этикалық кодексі (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары), азаматтық

қызметшілер мен педагогтардың қызметтік этикасы бұзылмаған.

Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаған. Еңбек тәртібі бұзылмаған.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты теріс ақпарат жарияланбаған.

Мүдделер қақтығысы

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысы анықталған жоқ, қызметкерлер арасында туыстық қатынастағылар жоқ. Педагог қызметкерлердің қызметінде заң бұзушылықтар тіркелмеген. Анализ жүргізілген кезеңде заңнама бұзушылықтары жөнінде заңды және жеке тұлғалар тарапынан арыз-шағымдар түспеген.

2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы

Құжат айналымын есепке алу

Аталған кезеңде КППК-да «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызметі тек «Малахит» электронды платформасы арқылы көрсетілді. Мемлекеттік қызметтерді мерзімдерін бұза отырып немесе талап етілмеген құжаттар пакетін сұрау фактілері анықталған жоқ. Іс номенклатурасы 2022 жылғы 1 сәуірден бастап бекітілген. Құжаттар уақтылы тігілуде.

Түгендеу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №433 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларына» сәйкес жүргізіледі. Коррупциялық тәуекелдерді талдау барысында бухгалтер 2024 жылға арналған жыл сайынғы түгендеу тізімдемелерін ұсынды.

Бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларына» сәйкес жүргізіледі. КППК-да бухгалтерлік есеп шоттары бойынша, атап айтқанда №2, 5, 6, 8, 13 мемориалдық ордерлер мен басқа да бастапқы құжаттар толық көлемде ұсынылды. 2025 жылғы 10 маусымдағы есептік күнге арналған айналым-сальдолық ведомость бойынша деректер қаржылық есептілікке сәйкес келеді.

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

2024 жылдың екінші жартыжылдығында КППК-ға 5 өтініш, ал 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында – 8 өтініш келіп түсті. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілері бар фактілер анықталған жоқ.

2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Қызмет алушыларды мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттандыру мақсатында КППК ғимаратында «Өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы» (екі тілде қызмет көрсету ережелері мен стандарттары көрсетілген стенд) орналасқан. Азаматтардың шағымдары мен өтініштері үшін қолжетімді журнал бар. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы аталған мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті нұсқаулықтармен қамтамасыз етілген.

КППК-да @krb_pptk Instagram әлеуметтік желісінде (https://instagram.com/krb_pptk?igshid=YmMyMTA2M2Y=) парақша жүргізіледі, онда мекеме қызметі туралы жаңалықтар, мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы материалдар үнемі жарияланады. Сонымен қатар, мекеменің ресми сайты – <https://krb-korrekt.bilim.edu.kz/> жұмыс істейді. Онда КППК қызметі туралы өзекті ақпарат, нормативтік құжаттар, көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа арналған бөлім жарияланады.

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг жүргізілген жоқ.

2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

КППК бақылау және рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

2.8. Сот практикасын талдау

Есепті кезеңде азаматтық-құқықтық сипаттағы сот ісі болған жоқ.

2.9. Қадағалау органдарының тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

2024 жылдың екінші жартыжылдығы – 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы аралығында мекемеде Қарабалық ауданының прокуратурасы тарапынан тексеру жүргізілді. Тексеру іс-шаралары 2024 жылғы 17 қазаннан 9 желтоқсанға дейінгі кезеңде өтті.

2.10. Фискалдық органдардың тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

Есептік кезеңде — 2024 жылдың екінші жартыжылдығының басынан бастап 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін — мекемеде фискалдық органдар тарапынан тексеру жүргізілген жоқ.

2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың тексерулері туралы мәліметтер

Құқық қорғау органдары, үкіметтік емес ұйымдар және азаматтар тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

2.12. БАҚ және басқа да ақпарат көздерін мониторингілеу

БАҚ пен интернет-ресурстарды мониторингілеу барысында теріс сипаттағы жарияланымдар анықталған жоқ.

Қорытынды

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша келесі әлеуетті сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы №4 қаулысымен бекітілген Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің Жарғысы қазіргі уақытта өзекті емес. Себебі мекеменің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің көпшілігі кейінірек — 2020 жылдан бастап қабылданған. Жарғы мен қазіргі қолданыстағы заңнама арасындағы сәйкессіздіктер мен құқықтық қайшылықтар құқықтық белгісіздік тудырып, мекеме қызметінің тиімділігіне кері әсерін тигізуі мүмкін және бұл — әлеуетті сыбайлас жемқорлық тәуекелі болып саналады.

Тәуекелді жою бойынша ұсынымдар:

1. Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасына Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің Жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру туралы ресми хат жолдау. Бұл жарғыны қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіруге және анықталған құқықтық қайшылықтарды жоюға бағытталуы тиіс.

Менгеруші:

Фогель Ю.Н.

Жұмыс тобының жетекшісі:

Танатарова П.С.

Жұмыс тобының мүшелері:

Каримова Г.Х.

Кажаева Е.Е.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға
4-қосымша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша
айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізбесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізбесі
Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілген нысанның атауы:
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қарабалық ауданының
«Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ.

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі
1	менгеруші	Мекеме Жарғысының ережелерін қолдану бойынша менгерушінің өкілеттіктері: Жарғының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келмеуі жағдайында оның ережелерін субъективті түрде түсіндіру қаупі туындайды, бұл басқарушылық шешімдерге әсер етіп, сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін алғышарттар қалыптастыруы мүмкін.	Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы №4 қаулысымен бекітілген Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің Жарғысы қазіргі уақытта өзекті емес.